

№ 1 «16» 08 2025 ж.
Педкеңесте каралды



Бекітемін: М.Т.Бимагамбетова
Талдысай ЖОББМ м.а директоры



Келісіді: С.Б.Биртаева
Аудандық білім бөлімі басшысы

Тақырыбы:
«Табиғат біздің үйіміз»
(вариативтік компонент)

Сыныбы: 0 «а»

Орындады: Н.А.Хакимова
МАД тәрбиеші

отырысында қаралды:  Ә/Б
Г.О.Еселова
(Ә/Б жетекшісі)

№ 1 хаттама 16 күні 08 айы 2025ж

Тексерілді: 
М.Т.Бимагамбетова
оқу- ісінің орынбасары

Түсінік хат.

Экологиялық мәдениеттің және айналадағы әлеміндегі тәртібін қалыптастыру білім және тәрбиелеудің негізгі міндеті болып келеді.. Экологиялық тәрбиелеу – ол инабатылықты, рухтандырушылықты және ақылды тәрбиелеу. Ғасырлар бойы адам табиғаттың пайдаланушысы болды, табиғаттың сыйын пайдаланды. Соныменде ластанудан табиғатты қорғау ықыласын туғызу, және адамдарда табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Кішкентай жасынан осы қасиеттерді тәрбиелеу керек. Экологиялық білімінің міндеттерін шешуі мектепке дейінгі жасы ең қолайлы кезең болып келеді. Осы кезеңде адамның тұлға ретінде қасиеттері, экологиялық мәдениетінің негіздері қалыптасады. Экологиялық мәдениетті қалыптасқан мектепке дейінгі тұлғаның негіздері – ол табиғат туралы білімдер және олардың экологиялық бағдары, осы білімдерді өмірінде, тәртібінде, әр түрлі (ойындарда, еңбекте) істерінде пайдаланудың икемдері болу керек.

Мақсаты:

«Табиғат-біздің үйіміз» бағдарламаның мақсаты – 5 жастағы балалардың танымдық қабілеттерін экологиядан қарапайым білім жүйесі, түсініктер және кіріктірілген тәсілдеме арқылы қалыптастыру. Мектепке дейінгі тұлғаның экологиялық мәдениет негіздерін дамыту.

- Айналадағы әлемге және табиғаттың әлеміне эмоционалдық-оңдық, адамгершілік қатынасын тәрбиелеу;
- Балалардың табиғатқа деген қалыпты қызығушылығын, оның тірі және өлі объектілері мен табиғи құбылыстарына, айналадағы әлемді танудан талап етуін, табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу;

Міндеті:

- кіріктірілген тәсіл арқылы мектепке дейінгі баланың экологиялық білімдері қарапайым жүйесі түсінікті қылып қалыптастыру;
- табиғатта себеп-салдардық байланысты тауып алудағы қабілеттерін қалыптастыру;
- туған табиғаттың сұлулығын көруді және түсінуді қалыптастыру;
- экологиялық сананы қалыптастыру;
- табиғаттың әлеміне танымдық қызығушылықты дамыту;

Күтілетін нәтиже:

- Кіріктірілген тәсілі арқылы қарапайым экологиялық білімдерінің жүйесін қалыптастыру;
- Табиғатта қауіпсіз тәртібі туралы алғашқы икем мен дағдыларды меңгеру;
- Әлемнің біртұтас суретіне зерделі көзқарасты қалыптастыру;
- Табиғатпен қатынасу кезінде тәртіп мәдениетін қалыптастыру;

Ақпараттық-әдістемелік бөлім

«Табиғат –біздің үйіміз» бағдарламасындағы басты маселе- баланы мектепке дайындауда жас ерекшелігін ескеріп, дүниетанымдық көзқарасын жетілдіреді.Экологиялық,ұлтжандылық тәрбиелерін бала бойына сіңіреді. Бағдарламаға сәйкес дайындалған түрлі әдістер бала бойына табиғатқа немқұрайлы қарамау, өлі және тірі табиғат туралы ұғымдарды және табиғатқа қамқорлық түсінігін қалыптастырады. Құрылған бағдарламаның мазмұны оқу-тәрбие жұмыстарын экологиялық мәдениет негізінде жүйелі түрде жоспарлай отырып,халықтық озық дәстүрлерін жас ұрпаққа үйретуге бағытталған. Балалардың іс-әрекетін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді деп саналатын әдіс-тәсілдері алынды.

Дидактикалық және үлестірмелі материалдар мен ойын түрлерін ұйымдастыру арқылы баланың қиялы ,тілі дамиды.

.Шығармашылық әдіс.Ғибыратты шағын әңгімелер,ертегі,тиым сөздер арқылы адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік, қоршаған ортаға немқұрайлы қарамау,табиғатқа қамқорлық дағдысын қалыптастырады.

Суретті әліппе:Сурет бойынша берілген мезгілдерді анықтау,мақал-мәтелдер,жұмбақтар баланың табиғатқа деген қызығушылығын, сырын білуге ұмтылдырады.

Табиғатты бақылау.Балалар күн сайын « табиғатты бақылау» арқылы ауа-райын белгілеу арқылы ауа-райының адам өміріне әсерін біледі.Табиғат апаттарының қауіптілігін және қорғану тәсілдерін үйренеді

Әңгімелесу тәсілі бойынша балалар сұраққа жауап беріп, табиғат туралы өз ойын толық жеткізе білуге , табиғатқа қамқор болуға үйренеді

Мектепалды сыныбына арналған «Табиғат-біздің үйіміз» бағдарламасы балалардың танымдық қабілеттерін қалыптастыра отырып, экологиялық мәдениет негіздерін дамытады.

Мазмұндық бөлім

Күздің белгісі.(4 сағат)

Балаларды күздегі өзгерістерді, ауа-райын, күздің кейбір ерекшеліктерімен таныстыру. Күзгі ауа райының әдемілігіне назар аударту. Күзгі еңбек түрімен таныстырып, алған білімдерін тиянақтау. Күз мезгілінің ерекшелігін танып, білуге тәрбиелеу.

Ғажайып ағаш.(4сағат)

Ағаштар туралы, ағаштың құрылысы, тамыры, діңі, бұтақтары, жапырақтары туралы балаларға түсінік беру. Ағаштарға күтім керек екені туралы айту. Ағаштан жасалған заттардың ерекшеліктері туралы білімдерін байыту.

Бөлмедегі гүлдерде қонақта (3 сағат)

Бөлме өсімдіктері туралы түсінік беру. Гүлдің атауларын, сырт келбетін, оларды баптап күту ережелерімен таныстыру. Өсімді отырғызу жолын көрсетіп, табиғатты аялауға, сүйеге тәрбиелеу. Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу, өсімдіктерге күтім жасауға шақыру.

Су дегеніміз не.(2 сағат)

Су туралы білімдерін кеңейту. Балаларға адам өміріне және табиғатта судың қажеттілігі туралы түсіндіру. Табиғи құбылысы ретінде су туралы түсінік қалыптастыру

Қонжыққа біздің алаңымызды көрсетейік(7 сағат)

Балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік беру. Жабайы жануарларды бір-бірінен ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға үйрету. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оларға қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру.

Ара қайда ұшып кетті.(2 сағат)

Балаларды жәндіктермен таныстыру. Еңбектері туралы, қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беру..

Үй құстары.(3 сағат)

Балалардың үй құстары туралы білімдерін тиянақтау. Үй құстарының әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы әңгімелеу. Үй құстарына қамқор болуға, оларды күте білуге, құстарды қорғай білуге тәрбиелеу.

Қыс өзімен бірге не әкелді(2 сағат)

Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейтіп, сөздік қорын байытумен бірге есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру, берілген сұраққа жауап беруге үйрету

Көктем белгісі(7 сағат)

Балаларға көктемдегі өзгерістерді бақылату. Ауа –райы қандай болатыны туралы түсінік беру. Көктемнің ерекшеліктерімен таныстыру, көктемдегі ауаның әдемілігіне назар аударту.

Нормативтік бөлім

№	Тақырыбы	Сағат саны	уақыты
1	«Күздің белгісі» серуен	1	03.09
2	«Күздің белгісі» серуен	1	10.09
3	Әжеден сыйлықтар, жемістермен танысу	1	17.09
4	Алтын күз	1	24.09
5	Ғажайып ағаш	1	01.10
6	Жапырақ түрлерімен танысамыз	1	08.10
7	Су дегеніміз не Тамшымен таныстыру.	1	15.10
8	Жаңбыр кімге керек Тамшы үлкен бұлтта қонақта.	1	22.10
9	Оны қолға алмайсың ол тікенекті. Кірпімен танысу.	1	05.11
10	Бөлмедегі гүлдерде қонақта	1	12.11
11	Күн салқындап, шық түсті	1	19.11
12	Бұтақтың астында не тұрады Қоянмен танысу	1	26.11
13	Аспандағы қонақтар: қар түйіршігімен танысу.	1	03.12
14	Қыс өзімен бірге не әкелді	1	10.12
15	Қысы – жазы бір түсте: шыршамен таныстыру	1	17.12
16	Қыс қызықтары	1	24.12
17	Қар түйіршіктері	1	14.01
18	Қысқы аңдардың іздері	1	21.01
19	Қысқы тіршілік	1	28.01
20	Балықпен таныстыру	1	04.02
21	Бөлмедегі гүлдермен қонақта	1	18.02
22	Өсімдіктерді суаруды үйренеміз	1	25.02
23	Көктем келді	1	04.03
24	Көктемнің белгісі	1	11.03
25	Көктем сыйы	1	18.03
26	Құстар оралды	1	01.04
27	Жылғалардан су ақты	1	08.04
28	Біз жуаны отырғызамыз	1	15.04
29	Бақ-бақ жаңа көйлек киеді	1	22.04
30	Біздің алаңның ағаштары	1	29.04
31	Ара қайда ұшып кетті	1	06.05
32	Өсімдіктердің пайдасы	1	13.05
33	Жазғы жәндіктер: көбелек, қоңызбен танысу	1	20.05
34	Жайқалған гүлдер	1	27.05

Пайдаланган әдебиеттер тізімі

Тәрбиешілер үшін.

1. Гончарова Е.В., Моисеева Л.В. Технология экологического образования детей старшей группы ДОУ. Екатеринбург, Центр проблем детства, 2002.
2. Грехова Л.И. В союзе с природой. М., Илекса, Ставрополь, 2001.
- Иванова А.И. Экологические наблюдения и эксперименты в детском саду. Мир растений. М., ТЦ-Сфера, 2007.
3. Коноваленко В.В., Коноваленко С.В. Развитие связной речи по теме «Лето». М., Издательство Гном и Д, 2004.
- Листок на ладони. //Под ред. Л.М.Маневцовой. СПб., Детство-пресс, 2003.
4. Мариничева О.В., Елкина Н.В. Учим детей наблюдать и рассказывать. Ярославль, Академия Холдинг, 2002.
5. Николаева С.Н. Экологическое воспитание младших школьников. М., Мозаика-Синтез, 2002.
6. Николаева С.Н., Комарова И.А. Сюжетные игры в экологическом воспитании дошкольников.
7. Николаева С.Н. Воспитание экологической культуры в дошкольном детстве. М., Просвещение, 2002.

Тәрбиеленушілер үшін:

1. Николаева С.Н. Методика экологического воспитания в детском саду. М., Просвещение, 2002.
2. Николаева С.Н. Как приобщить ребенка к природе. М., Новая школа, 1993.
3. Павленко И.Н., Родюшкина Н.Г.. Развитие речи и ознакомление с окружающим миром в ДОУ. М., Сфера, 2005.